

Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) түрлерінің 2002 жылға арналған номенклатурасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 10 мамыр N 512

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Z970163_ Заңының 25-2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілерінен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын және мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын барлық мемлекеттік орган мен мекеме үшін міндетті болып табылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) түрлерінің 2002 жылға арналған номенклатурасы бекітілсін.

2. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар мен мекемелер осы қаулыға қосымшада санамаланған тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінен мемлекеттік сатып алуды заңнамада белгіленген тәртіппен осы тауарларды (жұмыстарды, қызметтер

көрсетуді) сатып алудың жалпы көлемінің 10 пайызына дейінгі көлемде ұйымдастырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 10 мамырдағы
N 512 қаулысымен
бекітілген

жүзеге асырылатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету)

номенклатурасы

1. Азық-түлік тауарлары:

- 1) ұн;
- 2) нан, нан-тоқаш бұйымдары;
- 3) макарон бұйымдары;
- 4) жармалар;
- 5) сүт, кілегей;
- 6) сары майлар мен өсімдік майлары;
- 7) ашыған сүт өнімдері;
- 8) ет (жас ет, бұқтырылған), ет өнімдері;
- 9) шұжық бұйымдары;
- 10) балықтан жасалған өнімдер (жаңа ұсталған, ұсталған күйінде мұздатылған, қақталған);
- 11) алкогольсіз сусындар, шырындар;
- 12) кондитерлік бұйымдар;
- 13) жұмыртқа;
- 14) табиғи бал;
- 15) балалар тағамдары;
- 16) көкөністер, жемістер (бұқтырылған), картоп;
- 17) қант (құмшекер, шақпақ қант, кесек қант);
- 18) тұз;
- 19) тауықтар (тауықтың сан еті);
- 20) кептірілген жемістер;
- 21) ашытқылар;
- 22) қызанақ сықпасы;
- 23) тұздықтар;
- 24) ауыл шаруашылығының шикізаты;
- 25) теңіз өнімдері, балықтан және теңіз азық-түліктерінен жасалған бұқтырмалар;
- 26) ірімшік (қатты, жұмсақ, тұздалған);
- 27) татымды заттар және дәмдеуіштер;
- 28) сорпалық құрама қоректер;
- 29) қозықұйрық;
- 30) бақша жемістері мен жабайы жемістер.

2. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар:

- 1) теріден (табиғи, жасанды) тігілген киімдер және оның керек-жарақтары, теріден тігілген бас киімдер;
- 2) тоқыма өнеркәсібінің өнімдері;

- 3) тігін бұйымдары;
- 4) аяқ киім;
- 5) аяқ киім майы;
- 6) тұрмыстық, мектептік және кеңселік жиһаз;
- 7) құрылыс материалдары:
 - тұсқағаздық қағаз (тұсқағаздар) және басқа да қабырғалық жабындылар;
 - едендерге төсеуге, пештерді қаптауға арналған тақталар;
 - кірпіш;
 - кесілген ағаш материалдары;
 - ағаштан жасалған бұйымдар;
 - шыны пакеттер;
 - пенопластикалық тақталар;
 - асфальттан және соған ұқсас материалдардан жасалған бұйымдар;
 - пластмассадан жасалған құрылыс бұйымдары (есіктер, табалдырықтар, терезелер, кәсектер, терезе қақпақтары);
 - табиғи тастан жасалған әрлеу материалдары мен бұйымдары,
 - толтырғыштар, табиғи тастан жасалған жолға төсеу материалдары (ұсақ тастар, қиыршық тастар);
 - полиэтилен құбырлары;
 - жылу сақтайтын материалдар;
 - лак бояу бұйымдары;
 - еденді жабуға арналған линолеум және басқа да полимер материалдар;
 - шегелер;
- 8) алюминийден, резинадан жасалған бұйымдар;
- 9) кабель өнімдері;
- 10) жууға арналған заттар;
- 11) ағаштан, керамикадан (фарфор, фаянс) жасалған бұйымдар;
- 12) музыкалық аспаптар;
- 13) дәрілік заттар, медициналық бұйымдар және санитарлық-гигиеналық мақсаттағы заттар;
- 14) жабдықтар:
 - стандартқа сай емес жабдықтар;
 - су тұщыту жабдықтары;
- 15) кеңсе тауарлары;
- 16) дәрі-дәрмектер өндіруге арналған минералдық шикізат;
- 17) тігін шикізаты;
- 18) отын (көмір, мазут, ағаш);
- 19) жер бетіндегі органикалық заттар;
- 20) көшіру-көбейту және ұйымдастыру ісі техникасы, жинақтауыш;

21) ұйымдастыру ісі техникасына босалқы бөлшектер (бағдарламалық қамтамасыз ету);

22) қой терісінен жасалған бұйымдар;

23) қаракөл, қаракөлден жасалған бұйымдар;

24) киізден жасалған бұйымдар;

25) әйнектен жасалған тұрмыстық бұйымдар;

26) пластмассадан жасалған тұрмыстық бұйымдар;

27) цемент;

28) санитарлық фаянс;

29) қолөнершілер бұйымдары;

30) көмекші медициналық жабдықтар;

31) машина жасау және басқа өнеркәсіп кәсіпорындарына арналған жинақтауыш бұйымдар мен материалдар;

32) бау-бақша, бақшалық аспаптар;

33) теріден жасалған бұйымдар.

3. Қызметтер көрсету:

1) полиграфиялық;

2) көліктік-экспедициялық;

3) медициналық;

4) күрделі тұрмыстық техниканы жөндеу;

5) ғұрыптық;

6) заңдық және нотариалдық;

7) қоғамдық тамақтандыру қызметтері;

8) делдалдық, оның ішінде жанар-жағармай материалдарын сақтау мен сату жөніндегі;

9) тұрғын үй-коммуналдық;

10) тұрмыстық (монша-кір жуу, химиялық тазалау);

11) ұйымдастыру ісі техникасын, бақылау-касса машиналарын, дыбыстық және бейнелік техникаларды жеткізіп беру және қызмет көрсету жөніндегі қызметтер;

12) көшіру-көбейту және ұйымдастыру ісі техникаларына қызмет көрсету;

13) шаштараз;

14) киімдер мен арнаулы киімдер тігу және жөндеу;

15) суретке түсіру қызметтері;

16) туризм;

17) жалға беру қызметтері;

18) аяқ киім жөндеу;

19) былғары, пластмасса және металл галантереяларын жөндеу;

20) балалар және мектеп мекемелеріне тамақ өнімдерін жеткізіп беру;

- 21) жарнамалық-ақпараттық, баспалық қызметтер көрсету;
 - 22) аударма ісі қызметін көрсету;
 - 23) мөртабан-мөр және жібек жазба;
 - 24) эстетикалық қызметтер көрсету (визаж, косметологтардың қызметтер көрсетуі мен кеңестер беруі);
 - 25) оқу-білім беру қызметтері.
4. Жұмыстар:
- 1) жөндеу-құрылыс жұмыстары;
 - 2) автомобиль техникасын жөндеу.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.